


Jaqsy jarshysy

№25 (7430)
Dúisenbi, 22 maýsym 2026 jyl.
Понедельник, 22 июня 2026 года.

Жаксынський вестник

Gazet 1934 jylдың 28 maýsymнан
bastap shyǵa bastady.
Газета издается с 28 июня 1934 года.

Интернет версия газеты zhvestnik.kz
Можете найти нас в социальных сетях



JAŇALYQTAR - НОВОСТИ



ЖАҚСЫ АУДАНЫНЫҢ ШЕБЕРІ «CREATIVE АИМАҚ» ЖӘРМӨҢКЕСІНДЕ ӨЗ ӨНЕРІН ТАНЫСТЫРДЫ

13-14 маусым күндері Астана қаласында Ақмола облысының креативті индустрия өкілдерін біріктірген «Qazaq Creative» республикалық жобасының «Creative аймақ» креаторлар жәрмеңкесі өтті. Ауқымды шараға облыстың әр өңірінен келген талантты шеберлер қатысып, өздерінің бірегей жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды.

Жәрмеңкеге Жақсы ауданының шебері Бауржан Оразбай да қатысып, келушілерге өзінің ерекше туындыларын таныстырды. Суретші тарихи



тұлғалардың портреттерін кілем бетіне бейнелеумен айналысады. Сонымен қатар, ол соңғы жылдары кеңінен танылып келе жатқан string art техникасында да шығармалар жасап келеді. Жіптер мен шегелер арқылы орындалатын бұл өнер түрі көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Бауржан Оразбайдың еңбектері жәрмеңке қонақтарының назарын аударып, көптеген жылы пікірлерге ие болды. Келушілер ұлттық тарих пен заманауи өнердің үйлесімін жоғары бағалап, шебердің шығармашылық ізденістеріне ризашылықтарын білдірді.

«Creative Аймақ» жәрмеңкесі өңірдегі креативті индустрияның дамуына серпін беретін маңызды алаңға айналды.

Көрмені Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаева да аралап көрді. Министр шығармашылық индустрия өкілдерінің жұмыстарымен танысып, өңірлердегі талантты шеберлердің еңбегіне жоғары баға берді. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға тәжірибе алмасуға, жаңа байланыстар орнатуға және өз жұмыстарын кең аудиторияға таныстыруға мүмкіндік жасады.

Елімізде өнер мен шығармашылықты дамытуға бағытталған бастамалардың көбеюі талантты шеберлердің жаңа жетістіктерге жетуіне жол ашады.

Бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде ұлттық мұраны дәріптеп, оны заманауи өнермен ұштастырып жүрген дарынды шеберлер аз емес. «Creative Аймақ» жәрмеңкесі соның жарқын дәлелі болып, отандық шығармашылық әлеуеттің жоғары екенін тағы бір мәрте көрсетті.

ЕСІЛ ҚАЛАСЫНДА МӘСЛИХАТТАР АРАСЫНДА СПОРТТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

5 маусым күні Есіл қаласындағы «Энергетик» спорт кешенінде аудандық мәслихаттардың депутаттары мен мәслихат аппараттарының қызметшілері арасында дәстүрлі спорттық жарыстар өтті. Жарысқа Атбасар, Есіл, Жарқайың және Жақсы аудандарының командалары қатысты.

Жарыстың мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және аудандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Қатысушылар волейбол, футбол, үстел теннисі және дойбы спорт түрлерінен өзара бақ сынады.

Жарыс барысында командалар жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігерін көрсетті. Барлық кездесулер достық және өзара құрмет жағдайында өтті.

Жалпыкомандалық есеп қорытындысы бойынша бірінші орынды Есіл ауданының командасы, екінші орын Жарқайың ауданының командасы, ал үшінші орында Жақсы ауданының командасы иеленді. Атбасар ауданының командасы белсенді қатысқаны және спорттық рухы үшін марапатталды.

Осындай спорттық шаралар аудандық мәслихаттардың депутаттары мен



аппарат қызметшілері арасындағы әріптестік байланысты нығайтып, тәжірибе алмасуға және салауатты өмір салтын дәріптеуге ықпал етеді.

СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАР



Астана қаласында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері А. Абдрахмановты еске алуға арналған 2011-2013 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы грек-рим күресінен республикалық турнир өтті.

Аталған жарысқа Астана қаласы, Түркістан облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы және еліміздің өзге өңірлерінен келген спортшылар қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша біздің спортшылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

I орын:

• Кабиев Тамирлан – 41 кг

• Амангелді Хан – 110 кг

II орын:

• Қуандық Мәди – 38 кг

• Амангелді Арнұр – 48 кг

III орын:

• Нұрсейт Шәріп – 57 кг

• Зейналов Хасан – 85 кг

Сонымен қатар, Жақсы ауданының құрамасы жалпыкомандалық есепте құрметті II орынды иеленіп, арнайы кубокпен марапатталды.

Спортшыларды жаттықтырушылар Зарлыханов Д.Т., Тулубаев С.С., Савицкий А.А., Даурембеков Ж.М. дайындады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жоғары жетістіктерімен, сондай-ақ жалпыкомандалық есептегі жоғары нәтижемен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да толағай табыстар тілейміз!

ХАБАРЛАМА

Жақсы ауданы Белағаш ауылының әкімін сайлау 2026 жылғы 14 маусымда бір сайлау округі бойынша өтті.

Жақсы аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Жақсы ауданы Белағаш ауылының әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Белағаш ауылының әкімін сайлау бойынша Белағаш сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 527 азамат енгізілді, олардың 408 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 8, «Барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған -10.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Әубакиров А. А. – 315;

Жетекенова Б. Т. – 38;

Мұханбетжанова Г. Е. – 37.

Белағаш ауылының әкімі болып Әубакиров Аталық Аманжолұлы сайланды, 1988 жылы туған, «Байлық» шаруашылық қожалығының далалық бригадасының бригадирі, Подгорное ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы арқылы ұсынылды.

Жақсы аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес 2026 жылғы 15 маусымдағы шешімімен 2026 жылғы 14 маусымда Жақсы ауданы Белағаш ауылының сайланған әкімін тіркеді.

Жақсы аудандық сайлау комиссиясы.

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

30.07.2026 ж. сағат 10.00-да Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Чапай ауылдық округі, Чапай ауылы, Горький көшесі мекенжайында орналасқан ауылдық клуб ғимаратында Ақмола облысындағы Тасоба кен орнында марганец кендерін ашық әдіспен өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есебінің материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Чапай ауылдық округі, Чапай ауылы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1) 51°49'26,00"N, 66°56'35,00"E; 2) 51°50'15,60"N, 66°57'19,00"E; 3) 51°49'48,00"N, 66°58'10,00"E; 4) 51°49'08,20"N, 66°57'09,00"E.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/82197793646?pwd=o8MNOBaKlARgk4RTID2THt1aVRo2E.1> Конференция сәйкестендіргіші: 821 9779 3646. Құпиясөз: 141760

Бастамашы: «Есіл-Марганец» ЖШС-і (БСН 111140017230). Қазақстан Республикасы, А05M0Y6, Алматы қ., Алмалы ауданы, Жұмалиев көшесі, 112; тел.: 8-776-669-93-38. E-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Материалдарды әзірлеуші: «ЕКО-D» ЖШС-і, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тимирязев көшесі, 179, НП2, тел. 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. 8(7162)40-28-07, upr.expertiza@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru> «Экология» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің upr.expertiza@mail.ru поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com электронды пошталары және 8-776-669-93-38, 8-777-148-53-39 телефондары арқылы алуға болады.

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

30.07.2026 ж. сағат 15.00-де Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Чапай ауылдық округі, Чапай ауылы, Горький көшесі мекенжайында орналасқан ауылдық клуб ғимаратында Ақмола облысындағы Тасоба кен орнында марганец кендерін ашық әдіспен өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Чапай ауылдық округі, Чапай ауылы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1) 51°49'26,00"N, 66°56'35,00"E; 2) 51°50'15,60"N, 66°57'19,00"E; 3) 51°49'48,00"N, 66°58'10,00"E; 4) 51°49'08,20"N, 66°57'09,00"E.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/86457485613?pwd=zEFkaasOyXbMhC8an9vRAYrfYxH5u.1> Конференция сәйкестендіргіші: 864 5748 5613. Құпиясөз: 539265.

Бастамашы: «Есіл-Марганец» ЖШС-і (БСН 111140017230). Қазақстан Республикасы, А05M0Y6, Алматы қ., Алмалы ауданы, Жұмалиев көшесі, 112; тел.: 8-776-669-93-38. E-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Материалдарды әзірлеуші: «ЕКО-D» ЖШС-і, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тимирязев көшесі, 179, НП2, тел. 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Көкшетау қ., Абай к-сі, 89, тел. 8(7162)40-28-07, upr.expertiza@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru> «Экология» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің upr.expertiza@mail.ru поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com электронды пошталары және 8-776-669-93-38, 8-777-148-53-39 телефондары арқылы алуға болады.

СООБЩЕНИЕ

14 июня 2026 года состоялись выборы акима села Белагаш Жаксынского района по одному избирательному округу.

Жаксынская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола участковой избирательной комиссии о результатах выборов акима села Белагаш Жаксынского района установила итоги выборов:

Белагашский избирательный округ по выборам акима села Белагаш:

В список избирателей по избирательному округу включено 527 граждан, из них проголосовали 408. Число бюллетеней недействительных – 8, с отметкой в строке «Против всех» - 10.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Аубакиров А. А. – 315;

Джетекенова Б. Т. – 38;

Муханбетжанова К. Е. – 37.

Избран акимом села Белагаш Аубакиров Аталық Аманжолович, 1988 года рождения, работает в крестьянском хозяйстве «Байлық» бригадиром полеводческой бригады, проживает в селе Подгорное, выдвинут партией «АМАНАТ».

Жаксынская районная избирательная комиссия в соответствии со статьей 45 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением от 15 июня 2026 года зарегистрировала избранного 14 июня 2026 года акима села Белагаш Жаксынского района.

Жаксынская районная избирательная комиссия.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!

30.07.2026 года в 10.00 часов в здании сельского клуба с. Чапаевское по адресу: Акмолинская область, Жаксынский район, Чапаевский с. о., с. Чапаевское, ул. Горького пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану горных работ на добычу марганцевых руд месторождения Тасоба в Акмолинской области открытым способом.

Территория воздействия: Акмолинская область, Жаксынский район, Чапаевский с. о., с. Чапаевское.

Координаты угловых точек участка: 1) 51°49'26,00"N, 66°56'35,00"E; 2) 51°50'15,60"N, 66°57'19,00"E; 3) 51°49'48,00"N, 66°58'10,00"E; 4) 51°49'08,20"N, 66°57'09,00"E.

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

При наличии стабильного интернет-соединения доступно подключение на общественные слушания в формате видеоконференции (ВКС) посредством платформы Zoom. В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина данные общественные слушания будут проведены только в онлайн-формате.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/82197793646?pwd=o8MNOBaKlARgk4RTID2THt1aVRo2E.1> Идентификатор конференции: 821 9779 3646. Код доступа: 141760.

Инициатор: ТОО «Есіл-Марганец» (БИН 111140017230). Республика Казахстан, А05M0Y6, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Джумалиева, 112, тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Разработчик материалов: ТОО «ЕКО-D» (БИН 240740029438), ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Тимирязева, 179, НП2, телефон 8-777-148-53-39, e-mail: eco-d@inbox.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89, тел. 8(7162)40-28-07, upr.expertiza@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>.

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>, в разделе «Экология».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты общественных слушаний в НБДОС либо на почту ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», upr.expertiza@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресам eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com и номерам телефона: 8-776-669-93-38, 8-777-148-53-39.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!

30.07.2026 года в 15:00 часов в здании сельского клуба с. Чапаевское по адресу: Акмолинская область, Жаксынский район, Чапаевский с.о., с.Чапаевское, ул. Горького пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам Экологического разрешения на воздействие к Плану горных работ на добычу марганцевых руд месторождения Тасоба в Акмолинской области открытым способом.

Территория воздействия: Акмолинская область, Жаксынский район, Чапаевский с. о., с. Чапаевское.

Координаты угловых точек участка: 1) 51°49'26,00"N, 66°56'35,00"E; 2) 51°50'15,60"N, 66°57'19,00"E; 3) 51°49'48,00"N, 66°58'10,00"E; 4) 51°49'08,20"N, 66°57'09,00"E.

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

При наличии стабильного интернет-соединения доступно подключение на общественные слушания в формате видеоконференции (ВКС) посредством платформы Zoom. В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина данные общественные слушания будут проведены только в онлайн-формате.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/86457485613?pwd=zEFkaasOyXbMhC8an9vRAYrfYxH5u.1>Идентификатор конференции: 864 5748 5613. Код доступа: 539265.

Инициатор: ТОО «Есіл-Марганец» (БИН 111140017230). Республика Казахстан, А05M0Y6, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Джумалиева, 112, тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Разработчик материалов: ТОО «ЕКО-D» (БИН 240740029438), ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Тимирязева, 179, НП2, телефон 8-777-148-53-39, e-mail: eco-d@inbox.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», г. Кокшетау, ул. Абая, 89, тел. 8(7162)40-28-07, upr.expertiza@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>.

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/about?lang=ru>, в разделе «Экология».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты общественных слушаний в НБДОС либо на почту ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области», upr.expertiza@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресам eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com и номерам телефона: 8-776-669-93-38, 8-777-148-53-39.